

**"Ақмола облысының Щучье ауданын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 24 шілдедегі N 1130 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ақмола облысының Щучье ауданын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Ақмола облысының Щучье ауданын қайта атау туралы**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес және Ақмола облысының атқарушы және өкілді органдарының пікірін ескере отырып

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

1. Ақмола облысының Щучье ауданы Бурабай ауданы болып қайта аталсын.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. Назарбаев*